

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2024 жылғы 25 қаңтардағы
№ ДС-15 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Кальянды тұтынуға тыйым салу туралы сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында темекі өнімдерін, оның ішінде кальянға арналған темекі мен кальян қоспаларын (бұдан әрі – темекі өнімдері) сату мен тұтынуды реттейтін нормативтік база қалыптастырылды.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) қоғамдық орындарда, оның ішінде қоғамдық тамақтану пункттерінде темекі өнімдерін тұтынуға тыйым салу белгіленген (110-бабының 5-тармағы).

Ішкі істер министрлігі заңнамамен тыйым салу белгіленген орындарда («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 441-бабы), сондай-ақ автомобиль көлік құралында кәмелетке толмаған адамдар болған кезде оларда (ӘҚБтК-нің 441-1-бабы) темекі өнімдерін тұтынуға тыйым салудың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша жоғарыда көрсетілген тыйымдарды орындамаумен байланысты 18 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталып, шамамен 700 млн. теңге сомасында айыппұл салынды.

Денсаулық сақтау министрлігі жүргізген зертханалық зерттеулер кальян сұйықтығында өкпенің қабынуын тудыратын, сонымен қатар емделуі қиын аспергилл грибогы, ашытқы, аса қауіпті бактериялардың (көгілдір таяқша, алтын түстес стафилококк) жиналатынын растайды.

Қауіпті микроорганизмдермен қатар уытты химиялық заттар да зиянды әсер етеді. Осылайша, кальянда бір толтырғанда орта есеппен 8,32 мг никотин болады (сигаретте – 1 мг-нан аз).

Анықтама. Кальян қоспалары темекі жапырағынан (никотин көзі), мелассадан (қоспаның тығыздығын және қоспаның біркелкі қызуын қамтамасыз етеді, ащыны

азайтады), хош иістендіргіштерден, глицериннен (түтіннің дұрыс мөлшерін қамтамасыз етеді), консерванттардан (сақтау және көгеруден қорғау үшін), сондай-ақ құрғақ шөптер мен жемістерден тұрады.

Хош иісті жеміс-жидек қоспалары жоғары температуралы химиялық реакциялар кезінде қант көзі бола отырып, кальянды қыздыру өкпе тінін зақымдайтын канцерогендер мен ұшпа альдегидтердің түзілуіне қатысады. Кальян шегушілерінде жоғары уыттылықтың салдарынан өкпе обырының пайда болу қаупі 2 есе артады.

Кальянның орташа дозасын шеккеннен кейін несептегі никотин деңгейі 73 есе, котинин – 4 есе, өкпе мен ұйқы безінің қатерлі ісігін тудыруы мүмкін темекі нитрозаминдері – 2 есе артады, сонымен қатар бензол мен акролеиннің ыдырау өнімдерінің мөлшері артады.

Бұл ретте Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 1-тармағына сәйкес ағымдағы жылы реттеушілік әсерге талдау жүргізуді жоспарлап отыр, оның нәтижелері бойынша кальянның, кальянға арналған темекі мен кальян қоспаларының айналымына толық тыйым салуды заңнамалық енгізу мәселесі қаралатын болады.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Т. Дүйсенова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-15
от 25 января 2024 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев запрос касательно запрета потребления кальяна сообщаю следующее.

В настоящее время в Республике Казахстан сформирована нормативная правовая база, регулирующая продажу и потребление табачных изделий, в т.ч. табака для кальяна и кальянных смесей (*далее – табачные изделия*).

Кодексом «О здоровье народа и системе здравоохранения» (*далее – Кодекс*) установлен запрет на потребление табачных изделий в общественных местах, в том числе в пунктах общественного питания (*пункт 5 статьи 110*).

Министерство внутренних дел осуществляет государственный контроль за исполнением запрета потребления табачных изделий в установленных законодательством местах (*ст. 441 Кодекса «Об административных правонарушениях» (далее - КоАП)*), а также в автомобильном транспортном средстве во время нахождения в них несовершеннолетних лиц (*ст. 441-1 КоАП*).

По итогам 2023 года выявлено более 18 тыс. правонарушений, связанных с неисполнением вышеуказанных запретов, с наложением штрафов на сумму около 700 млн тенге.

Министерством здравоохранения проведены лабораторные исследования, которые подтверждают, что в кальянной жидкости накапливаются опаснейшие бактерии (синегнойная палочка, золотистый стафилококк), дрожжи, грибок аспергилла, которые вызывают трудно поддающееся лечению воспаление легких.

Наряду с опасными микроорганизмами вредное влияние оказывают и токсические химические вещества. Так в одной заправке кальяна содержится в среднем 8,32 мг никотина (*в сигарете – менее 1 мг*).

Справочно: Смеси для кальяна состоят из табачного листа (источник никотина), патоки (обеспечивает плотность смеси и равномерное нагревание смеси, уменьшает горечь), ароматизаторов, глицерина (обеспечивает нужное количество дыма), консервантов (для хранения и защиты от плесени), а также сухих трав и фруктов.

Фруктово-ягодные ароматические смеси, являясь источником сахаров при высоких температурных химических реакциях раскуривания кальяна участвуют в формировании канцерогенов и летучих альдегидов, которые повреждают ткань легких. Вследствие высокой токсичности у кальянных курильщиков возрастает риск возникновения рака легкого в 2 раза.

Уровень никотина в моче после выкуривания средней дозы кальяна повышается в 73 раза, котинина – в 4 раза, табачных нитрозаминов, которые могут вызвать рак легких и поджелудочной железы – в 2 раза, увеличивается также содержание продуктов распада бензола и акролеина,

При этом Министерством здравоохранения в соответствии с п.1 ст. 82 Предпринимательского кодекса в текущем году планируется проведение анализа регуляторного воздействия, по результатам которого будет рассмотрен вопрос введения полного запрета оборота кальяна, табака для кальяна и кальянной смеси.

Работа в данном направлении продолжается.

Т. Дуйсенова